

**Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК**

04-07

**Жалпы ата-аналар жиналысының
хаттамалары**

16 тармақ

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.

2024- 2025 жыл

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 15 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. «Келіңіздер танысайық!» ата-аналар туралы мәлімет
2. Топтық ата-аналар комитеті құрамын сайлау
3. Ата-аналарды жаңа оқу жылының бағдарламасымен таныстыру

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. 1 меңгеруші-психолог, 1 әдіскер, 1 музыка жетекшісі, 4 тәрбиеші бар екенін айтты. Әр ата-ана өзін таныстырып ойын ойнатылды.

ШЕШІМІ: 1. Ата-аналар балабақша ұжымымен таныстырылды деп есептелінсін.

2 ТЫҢДАЛДЫ

Екінші мәселе бойынша, ата-аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс тастады. Ата-ана бір ауыздан ата-аналар комитеті етіп ересек топтан С.Мусаева, ортаңғы топтан Б.Досболаева ал, көмекшілері болып М.Джумабекова, Ұ.Құрбанова сайланды. Ата-аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

ШЕШІМІ: 1. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып С.Мусаева, Б.Досболаева, ал көмекшілері болып М.Джумабекова, Ұ.Құрбанова сайлансын. **Жауапты:** ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері.

3 ТЫҢДАЛДЫ **Үшінші мәселе бойынша,** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, өнегелі 15 минут ата-ана баламен қарым-қатынасы айтылды.

ШЕШІМІ: Жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері таныстырылды деп есептелінсін. Жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.

Ата аналар төрайымы:

Б.Досболаева 

С.Мусаева 

Мүшелері:

М.Джумабекова 

Ұ.Құрбанова 

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту және тәрбиелеу.
2. «Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас».
3. «Жаңа жылдық шырша»қауіпсіздік ережелері,кеңес беру.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша,бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту және тәрбиелеу тақырыбында ата-аналармен ой бөлісті.Дамыту мен тәрбиелеуде баланың тұлғалық, зияткерлік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуының негізін қалайтын маңызды кезең екенін атап өтті. Бұл кезеңде бала қоршаған ортамен танысып, өз-өзіне деген сенімділік пен дербестікті қалыптастырады.Сөздік қорын молайту, қоршаған ортаны зерттеу, ойлау, зейін мен есте сақтау қабілетін жетілдіру,достыққа, өзара көмекке баулу, қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту, шығармашылыққа өнерге баулу,ұлттық құндылықтарға баулып еңбексүйгіштікке тәрбиелеу керектігі айтылды.

ШЕШІМІ:

1.Балаларды дамыту және тәрбиелеу тақырыбында келтірілген міндеттемелерді пайдалану жалғастырылсын .

2. ТЫҢДАЛДЫ

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері А.Кемелбекова мен Г.Орынбаева «Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас»туралы баяндама жасады. Балабақшаға баратын жастағы балалар үшін ата-анасымен қарым-қатынас ерекше маңызды екенін айтты. Себебі дәл осы кезеңде баланың эмоционалдық, әлеуметтік және тілдік дамуы қалыптасады. Балабақшаға бейімделу процесінде ата-ананың рөлі айрықша.Балабақшаға баратын баланың ата-анасымен қарым-қатынасының ерекшеліктері:Эмоционалдық тұрақтылық.

Бала үшін ата-ананың махаббаты мен қолдауы – балабақшаға бейімделуде басты фактор. Егер ата-анасы баласына сенімділікпен қарайтын болса, бала өз ортасына да сенімді түрде бейімделетінін айтты.

ШЕШІМІ:

2. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста тұрақтылық сақталынсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ

Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, жаңа жылдық шырша мерекесіне орай қауіпсіздік ережелері бойынша кеңес берді. Өрт қауіпсіздігі, балабақша аумағында петарда, фейерверк секілді пиротехникалық бұйымдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Мұндай бұйымдар балалардың қолына мүлде берілмеуі тиіс. Мереке кезінде балалардың қозғалысын қадағалап отыру үшін қажет. Ата-аналар қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі ескертілді.

ШЕШІМІ:


3. . Жаңа жылдық шырша мерекесі қарсаңында қауіпсіздік ережелері ата-аналарға таныстырылды деп есептелінсін.


Ата аналар төрайымы:

Б.Досболаева 

С.Мусаева 

Мүшелері:

М.Джумабекова 

Ұ.Құрбанова 

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: мамыр 2025 жыл

Күн тәртібінде:

2. Жанұяда баланы адамгершілік тәрбиесіне баулу.
2. «Біз жыл бойы не үйрендік».
3. Балалардың жазғы демалысын жоспарлау медициналық кеңес.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, Бөбекжай әдіскері Б.Пернебекова ата-аналарға «жанұяда баланы адамгершілік тәрбиесіне баулу» тақырыбында баяндама жасады. Ол отбасы-баланың алғашқы мектебі екенін, бала үлкендерге қарап бой түзейтінін айтып өтті. Үйде үлкенді сыйлау, сыпайы сөйлеу, көмек көрсету сияқты қасиеттердің қалыптасуы жанұялық қарым-қатынасқа байланысты екенін атап көрсетті. Ата-аналарға баланың бойына мейірімділік, сыйластық, шыншылдық сияқты қасиеттерді сіңірудің маңыздылығы түсіндірілді. Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісті.

ШЕШІМІ:

Ата-аналар балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жұмыстарын жанұяда жалғастыруды міндеттенсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ

Екінші мәселе бойынша Тәрбиешілер

Г.Орынбаева, С.Сарыбаева, А.Кемелбекова, М.Пирназарова осы жылға қорытындыларын жасап сөз сөйледі. 2024-2025жж оқу жылы ішінде балалардың тіл дамыту, математикаға қызығушылығы, шығармашылық қабілеттері, дене шынықтыру және көркем еңбек бағыттары бойынша не үйренгені туралы мәлімет берді. Балалар ертегі айтып, тақпақ жаттап, сурет салып, би билеп, белсенділік танытқаны баяндалды.

ШЕШІМІ:

2. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста тұрақтылық сақталынсын. Жыл бойғы жетістіктерді сақтау және одан әрі дамыту үшін үй жағдайында баламен жүйелі түрде жұмыс жасау.

3. ТЫҢДАЛДЫ

Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау бойынша кеңестер берді: күннен қорғану, таза және жеңіл тамақтану, көп су ішкізу, серуендегенде көлеңкеде ойнауын қадағалау. Сондай-ақ, жеке бас гигиенасын сақтау мен дұрыс ұйқы режимінің маңызды екенін айтты.

ШЕШІМІ:

3. Балалардың жазғы демалысы пайдалы әрі қауіпсіз өтуі үшін ата-аналар жауапкершілікпен қарасын.

Ата аналар төрайымы:

Б.Досболаева

С.Мусаева

Мүшелері:

М.Джумабекова

Ұ.Құрбанова